

Отырар ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын, коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифтерін бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар аудандық мәслихатының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 35/205-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 7 сәуірде № 3112 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар аудандық мәслихатының 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 43/248-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар аудандық мәслихатының 29.12.2015 № 43/248-V шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) және 2) тармақшаларына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына және «Коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 22 қарашадағы № 1370 қаулысына сәйкес, Отырар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Б е к і т і л с і н :

- 1) осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес Отырар ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары;
- 2) осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес Отырар ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифтері.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

О т ы р а р а у д а н д ы қ м ә с л и х а т
с е с с и я с ы н ы ң т ө р а ғ а с ы Н.Жусипбаев

О т ы р а р а у д а н д ы қ м ә с л и х а т
х а т ш ы с ы Б.Зулпыхаров

О т ы р а р а у д а н д ы қ м ә с л и х а т ы н ы ң
2 0 1 5 ж ы л ғ ы « 2 7 » н а у р ы з д а ғ ы

№ 35/205-V шешіміне № 1 қосымша

Отырар ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылдық жинақталу нормасы, м3
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	0,95
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері	1 орын	0,68
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,39
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банкері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,27
6	Емханалар	1 адам	0,28
7	Ауруханалар, санаторийлер, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,0
8	Мектептер, орта оқу орындары, жоғарғы оқу орындары	1 оқушы	0,12
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 орын	0,0001
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойын автоматтарының залы	1 орын	0,2
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м ²	-
12	Стадиондар, спорт алаңдары	1 орын	0,0026
13	Спорт, би және ойын залдары	Шаршы метр	0,0026
14	Азық-түлік дүкендері	Шаршы метр	1,2
15	Машиналардан сату	Сауда орны 1 м ²	-
16	Өнеркәсіптік дүкендер, супермаркеттер	Шаршы метр	0,9
17	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Шаршы метр	0,97
18	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	-
19	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	-
20	Тұрмыстық қызметтер көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Шаршы метр	0,27
21	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Шаршы метр	0,5
22	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	-
23	Дәріханалар	Шаршы метр	0,9
24	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	0,107
25	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	0,2
26	Гараж кооперативтері	1 гаражға	1
27	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,2

28	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м ²	-
29	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Шаршы метр	0,27
30	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	-
31	Моншалар, сауналар	Шаршы метр	0,42
32	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	-
33	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	0,0019

Отырар аудандық мәслихатының
2015 жылғы «27» наурыздағы
№ 35/205-V шешіміне № 2 қосымша

Отырар ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, көму, кәдеге жарату тарифтері

№ р/с	Атаулары	Есептік бірлік	Баға, теңгемен
1	Коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету тарифтері		
1.1.	Жайлы үйлер	1 адам	-
1.2.	Жайсыз үйлер	1 адам	104,2
1.3.	Заңды тұлғалар	1 текше метр	1316,9
2.	Коммуналдық қалдықтарды көму және кәдеге жарату тарифтері		
2.1.	Жеке тұлғалар	1 текше метр	200
		1 тонна	600
2.2.	Заңды тұлғалар	1 текше метр	200
		1 тонна	600